

**«Астана-Аймақтық
Электржелілік Компаниясы» АҚ
жалғыз акционерінің шешімімен
БЕКІТІЛДІ**

«_____» _____ 2023ж.

**«Астана -Аймақтық Электржелілік Компаниясы»
акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ**

**Астана қ.
2023 жыл**

Кіріспе

1. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Осы Жарғы «Астана-Аймақтық Электржелілік Компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) құқықтық мәртебесін айқындайтын құрылтай құжаты болып табылады.

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Қоғамның мәртебесі

1.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылды.

1.2. Қоғам өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында акциялар шығаратын заңды тұлға болып табылады.

1.3. Қоғам Жалғыз акционердің мүлкінен жекеленген мүлікке ие және жалғыз акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейтін сияқты, оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялар құны шегінде Қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауапты болады.

1.4. Қоғам өз қызметінің мақсаттарына қол жеткізу үшін өз атынан мәмілелер жасасуға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар алуға, міндеттер атқаруға, сотта талапкер және жауапкер болуға, Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

1.5. Кәсіпорынның дербес балансы, банктік шоттары, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі атауы көрсетілген мөрі, логотипі, мөртаңбалары және бланкілері бар.

1.6. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген тәртіпте заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға құқығы бар.

1.7. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте өзінің орналасқан жерінен тыс жерде орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын және олар туралы ережелер негізінде Қоғамның атынан және тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

1.8 Қоғам өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға және Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес жүзеге асырады.

1.9. Қоғамның қызмет ету мерзімі шектелмеген.

2-бап. Қоғамның атауы мен орналасқан жері

2.1. Қоғамның атауы:

- 1) Қоғамның мемлекеттік тілдегі толық және қысқартылған атауы:
 - «Астана – Аймақтық Электржелілік Компаниясы» акционерлік қоғамы;
 - «Астана - АЭК» АҚ;
- 2) Қоғамның орыс тіліндегі толық және қысқартылған атауы:
 - Акционерное Общество «Астана – Региональная Электросетевая Компания»;
 - АО «Астана – РЭК»;
- 3) Қоғамның ағылшын тіліндегі толық және қысқартылған атауы:
 - Joint stock company «Astana - Aimaqtyq Elektrjelilik Kompaniasy»;
 - «Astana - АЕК» JSC;

3-бап. Қоғамның жалғыз акционері

3.1. Қоғамның жалғыз акционері, уәкілетті орган атынан Астана қаласының әкімдігі болып табылады.

3.2. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, 010005, Астана қаласы, Есіл ауданы, Комсомольский т.а., Домалақ ана көшесі, 9-ғимарат, БСН 021240001744.

4-бап. Қоғамның мақсаты, қызметінің негізгі бағыттары

4.1. Қоғам келесі іс-шараларды жүзеге асырады:

- негізгі қызмет түрі – электр энергиясын тарату (ОКЭД 35130);
- қосымша қызмет түрі – электр энергиясын беру (ОКЭД 35121);
- негізгі қызметпен және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерімен технологиялық байланысты.

4.2. Егер қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыру үшін арнайы рұқсат (лицензия, рұқсат), құзыретті органдардың келісімі және/немесе хабарламаларды қабылдайтын мемлекеттік органдарға хабарлама жіберу қажет болған жағдайда, Қоғам осы қызмет түрін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес тиісті рұқсатты, лицензияны, келісімді алып және/немесе хабарламаны жібергеннен кейін жүзеге асырады;

4.3. Қоғам коммерциялық ұйым болып табылады, азаматтық құқықтарға ие және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған қызметтің кез келген түрін жүзеге асыру үшін қажетті өз қызметіне байланысты міндеттемелер жүктеледі.

2-ТАРАУ. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР, ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5-бап. Акциялар және басқа да бағалы қағаздар.

5.1. Қоғам жай акцияларды шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз түрде шығарылады.

5.2. Жай акция Жалғыз акционерге осы Жарғыға сәйкес оның қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығын, Қоғамда таза кіріс болған кезде дивидендтерді алу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қоғам таратылған кезде оның мүлігінің бір бөлігін алу құқығын береді.

5.3. Орналастыру туралы шешімді, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде Қоғамның орналастыратын акцияларының саны, оларды орналастыру тәсілі мен бағасы туралы шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.

5.4. Қоғам өз акцияларын олардың шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін бір немесе бірнеше орналастыру арқылы орналастырады.

Қоғамның орналастыратын акцияларына ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Орталық депозитарий онымен жасалған шарт негізінде Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуді жүзеге асырады.

5.5. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

5.6. Қоғамның өзге бағалы қағаздарды шығаруға құқығы бар, оларды шығару, орналастыру, айналымы және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген.

6-бап. Жалғыз акционердің құқықтары мен міндеттері

6.1. Жалғыз акционердің:

1) Заңмен және осы Жарғымен белгіленген тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) Заңға сәйкес Жалғыз акционердің қарауына шығару үшін қосымша мәселелерді енгізуді Директорлар кеңесіне ұсынуға;

3) дивидендтер алуға;

4) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Жалғыз акционер немесе осы жарғымен белгіленген тәртіпте Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

5) орталық депозитарийден оның Қоғам акцияларына меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дау айтуға;

7) осы Заңда көзделген жағдайларда, сот органдарына Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай

жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;

8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

9) Қоғам таратылған кезде Қоғам мүлкінің бір бөлігіне;

10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;

11) Заңда көзделген тәртіппен Қоғам акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешімдер қабылдауға;

12) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыртуды талап етуге;

13) аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін өз есебінен жүргізуді талап етуге;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға, сондай-ақ Жалғыз акционердің өзге де ішкі құжаттарына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

6.2. Жалғыз акционер:

1) акцияларды төлеуге;

2) Қоғамның орталық депозитарийіне Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он жұмыс күні ішінде хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңымен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

4) Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

6.3. Жалғыз акционердің осы Жарғының 6.2-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындамауының салдары үшін Қоғам мен орталық депозитарий жауапты болмайды.

3-ТАРАУ. МҮЛІК ЖӘНЕ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

7-бап. Мүлік және жарғылық капитал

7.1. Қоғамның мүлкі:

1) Қоғамның акция төлеміне Жалғыз акционердің берген мүлік;

2) оның қызметі нәтижесінде алынған кірістер;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздеме бойынша сатып алынатын басқа да мүлік есебінен қалыптасады.

7.2. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

4-ТАРАУ. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

8-бап. Қоғамның органдары

Қоғамның органдары:

- 1) жоғарғы орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) алқалы атқарушы орган – Басқарма;
- 4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметі үшін бақылауды жүзеге асырушы орган – Ішкі аудит қызметі болып табылады.

9-бап. Жалғыз акционер

9.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді жалғыз акционер жеке-дара қабылдайды және жазбаша түрде ресімдеуге жатады.

9.2. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатқызылады:

- 1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;
- 2) корпоративті басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;
- 6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттарын, мерзімдері мен тәртібін айқындау;
- 8) директорлар кеңесі санының құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақылар төлемі мен шығыстары өтемақысының мөлшерін және шарттарын айқындау;
- 9) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
- 10) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

11) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

12) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;

13) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

14) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

15) Қоғам акцияларды осы Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);

16) Жалғыз акционерге Қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;

17) «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;

18) нәтижесінде Қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдауы;

19) шешім қабылдау Заңда және (немесе) Қоғамның жарғысында Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

9.3. Егер Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды адамдардың және Қоғам қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

9.4. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

9.5. Жалғыз акционер жыл сайын қаржы жылы аяқталғаннан кейін 5 (бес) ай ішінде Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға міндетті. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығару Қоғамның Директорлар кеңесімен бастама көтеріледі.

9.6. Жалғыз акционер жиналысының күн тәртібін директорлар кеңесі қалыптастырады және онда талқылауға шығарылатын мәселелердің нақты тұжырымдалған түбегейлі тізбесі қамтылуға тиіс.

9.7. Жалғыз акционер оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы емес. Күн тәртібінде «әр түрлі», «өзге», «басқалары» деген сөздерді қоса алғанда, кең түсінік беретін тұжырымдамаларды және осыларға ұқсас тұжырымдамаларды пайдалануға тыйым салынады

9.8. Жалғыз акционердің электрондық байланыс құралдары, оның ішінде интернет желісі арқылы Жалғыз акционердің отырысын дайындау аясында ұсынылуға тиіс ақпаратты алуға құқығы бар.

9.9. Жалғыз акционердің отырысын өткізудің осы Жарғыда тікелей көзделмеген өзге де мәселелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және (немесе) Қоғамның ішкі құжаттарымен реттеледі.

10-бап. Қоғамның директорлар кеңесі

10.1. Заңда және (немесе) осы Жарғыда Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директорлар кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

10.2. Мынадай мәселелер Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын, сондай-ақ даму стратегиясының орындалуы туралы есепті айқындау;

2) Заңның 18-бабының 1-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

3) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

5) атқарушы органның сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін (атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамды) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

6) атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің (атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамның) лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;

7) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін

айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;

8) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

9) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

10) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

11) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

12) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімдерін қабылдау;

13) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп проценті Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

14) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;

15) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

16) жасасу туралы шешім Заңның 36-бабының 1-тармағының 17-1) тармақшасына және 73-бабының 3-1-тармағына сәйкес Жалғыз акционердің қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және жасауға Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

17) Қоғамның штат санын және ұйымдық құрылымын бекіту;

18) Директорлар кеңесі комитеттерін құру, комитет мүшелерін сайлау, олар туралы Ережелерді бекіту, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметіне бағалау жүргізу;

19) атқарушы орган мүшелерінің, корпоративтік хатшының және ішкі аудит қызметінің негізгі көрсеткіштерін, сондай-ақ олардың орындалуы туралы есептерді бекіту;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес атқарушы органның мүшелеріне, ішкі аудит қызметінің жұмыскерлеріне және

корпоративтік хатшыға тәртіптік жаза қолдану (алу) туралы шешім қабылдау;

21) нәтижесінде Қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдауы;

22) Іскерлік этика кодексін бекіту;

23) Кадр саясатын бекіту;

24) атқарушы органның, корпоративтік хатшының, ішкі аудит қызметінің еңбегіне ақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттары туралы қағидаларды бекіту;

25) тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру қағидаттары мен тәсілдерін айқындайтын Қоғамның ішкі құжаттарын бекіту;

26) Корпоративтік басқару кодексінің негізінде Қоғамның корпоративтік басқаруын жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту, сондай-ақ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есептерді бекіту;

27) осы Жарғыға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметінің өзге де мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

28) кірістер мен шығыстар бюджетін, жылдық бюджетті түзетуді қоса алғанда, Қоғамның жылдық бюджетін бекіту, сондай-ақ бюджеттің атқарылуы туралы есептерді және инвестициялық бағдарламаны бекіту;

10.3. осы Жарғыға сәйкес Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешім қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

10.4. Директорлар кеңесінің жұмыс тәртібі, оның функциялары Қоғамның Жалғыз акционері бекітетін Директорлар кеңесі туралы ережемен айқындалады.

10.5. Директорлар кеңесі:

1) мүдделердің ықтимал қақтығысын, оның ішінде Қоғам меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасқан кезде асыра пайдалануды лауазымды адамдар мен Жалғыз акционер деңгейінде қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюға;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

11-бап. Директорлар кеңесінің құрамы

11.1. Жеке адам ғана директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

11.2. Директорлар кеңесінің мүшесі заңнамалық актілер және (немесе) осы Жарғыға сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды өзге адамдарға беруге құқылы емес.

11.3. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Директорлар кеңесіне Жалғыз акционердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) адамдар;

2) Қоғамның акционері болып табылмайтын және директорлар кеңесіне Жалғыз акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке адамдар арасынан Жалғыз акционердің шешімімен сайланады және қайта сайланады.

Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлана алмайды.

11.4. Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері мен Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мен Басқарманың құрамына сайлана алмайды.

11.5. Басқарма төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

11.6. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адамды құрауы тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

11.7. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдардың өз міндеттерін орындау және Жалғыз акционердің мүддесі үшін бүкіл Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, жағымды жетістіктері мен мінсіз беделі болуға тиіс.

11.8. Мемлекеттік қызметшілер болып табылатын және өз өкілеттіктерін лауазымдық міндеттеріне сәйкес жүзеге асыратын Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінде өз өкілеттіктерін жүзеге асырғаны үшін сыйақы алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінде жұмыс істегені үшін сыйақы алмайды.

12-бап. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі

12.1. Директорлар кеңесінің мүшелері сайланатын мерзім үш жылдан аспайды. Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан астам мерзімге сайланудың кез келген мерзімі Директорлар кеңесінің құрамын сапалық жағынан жаңарту қажеттілігі ескере отырып ерекше қаралуға тиіс.

12.2. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционердің Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау туралы шешімі шыққан күннен бастап аяқталады.

12.3. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттіктері Жалғыз акционердің оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады.

12.4. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі, егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

12.5. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Жалғыз акционердің шешімімен жүзеге асырылады, бұл орайда Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтас алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.

12.6. Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

12.7. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақыларының мөлшері туралы мәліметтерді ашып көрсетеді.

13-бап. Директорлар кеңесінің төрағасы

13.1. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы Жалғыз акционердің шешімімен сайланады.

13.2. Директорлар кеңесінің төрағасы:

1) Директорлар кеңесіне басшылықты жүзеге асырады және оның тиімді қызметін, сондай-ақ Жалғыз акционермен байланысты қамтамасыз етеді;

2) Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын және Директорлар кеңесі мүшелері мен Басқарма арасындағы сындарлы қарым-қатынасты қамтамасыз етеді;

3) Директорлар кеңесі мүшелерінің айқын және нақты ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етеді;

4) Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады, оларға төрағалық етеді;

5) отырыстарда осы Жарғыда белгіленген тәртіппен хаттама жүргізуді ұйымдастырады;

6) Қоғамның Басқарма төрағасымен Қоғамның атынан еңбек шартын жасасады;

7) заңнамада және осы Жарғыда айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

13.3. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

14-бап. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру

14.1. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша, не:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғамға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) Жалғыз акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

14.2. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Қоғамның Басқармасына жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Қоғам Басқармасы шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

14.3. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін Қоғамның Директорлар кеңесі айқындайды.

Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырысты өткізу күні, тәсілі, уақыты мен орны, сондай-ақ оның күн тәртібі туралы мәліметтер болуға тиіс.

14.4. Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік 5 (бес) күн бұрын жолданады.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысы өткізілген жағдайда дауыс беруге арналған материалдар мен бюллетеньдер Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің сырттай отырысы өтетін күнге дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберілуге тиіс.

Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле жасасу жөнінде шешім қабылдау туралы мәселелер қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің орындалу мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ бағалаушының есебі (Заңмен көзделген жағдайда) қамтылуға тиіс.

15-бап.

15.1. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде жартысының отырысқа қатысуы кворум болып есептеледі.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау туралы өтінішпен Жалғыз акционерге жүгінуге міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері көрсетілген өтінішті Жалғыз акционерге жіберу туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

Директорлар Кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің төрағасын және корпоративтік хатшыны оның Директорлар кеңесінің отырысына қатысу мүмкін еместігі туралы алдын ала хабардар етуге міндетті. Отырыста болмаған Директорлар кеңесінің мүшесі жазбаша пікір арқылы Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беруге құқылы.

Бұл ретте осындай жазбаша пікір күн тәртібі бойынша:

- 1) жасалған күнін;
- 2) жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесі мүшесінің пікірін білдіретін күн тәртібін;
- 3) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша нақты айқындалған ұстанымды;
- 4) қолтаңбасын;
- 5) Директорлар кеңесі мүшесінің қалауы бойынша күн тәртібіне жататын өзге де мәліметтерді қамтуы тиіс.

Директорлар кеңесі мүшесінің күн тәртібі бойынша ұсынған жазбаша пікір кворумды және дауыс беру қорытындыларын есептеу кезінде ескеріледі және күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесінің осы мүшесінің дауыс бергені туралы жазба жасалатын отырыстың хаттамасына тігіледі.

Күн тәртібі бойынша жазбаша пікірді Директорлар Кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін Директорлар кеңесінің төрағасына немесе корпоративтік хатшыға ұсынуға тиіс.

Егер бұрын күн тәртібі бойынша жазбаша пікір білдірген Директорлар кеңесінің мүшесі аралас дауыс беру пайдаланылатын Кеңестің отырысына қатысу және дауыс беру үшін келген болса, оның жазбаша пікірі есепке алынбайды.

15.2. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір даусы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер осы Заңда және Қоғам жарғысында өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар саны тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының немесе директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адамның дауыс шешуші болып табылады.

15.3. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

15.4. Директорлар кеңесі дауыс берудің күндізгі және сырттай нысанымен отырыстар өткізеді.

15.5. Сырттай дауыс беруді өткізген кезде Директорлар кеңесінің мүшелеріне бірыңғай нысандағы дауыс беруге арналған бюллетеньдер жіберіледі (таратылады).

Дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатымен Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелеріне дауыс беру үшін бюллетеньдер жіберуге жол берілмейді.

15.6. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде:

- 1) Қоғамның толық атауы және орналасқан жері;
- 2) сырттай отырысты шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беруі үшін бюллетеньдерді берудің нақты күні мен уақыты;
- 4) Директорлар кеңесінің сырттай отырысын өткізу күні мен уақыты (дауыстарды санау);
- 5) Директорлар кеңесінің сырттай отырысының күн тәртібі;
- 6) дауыс берілетін мәселелердің тұжырымдалуы;
- 7) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің «жақтайды», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген нұсқалары болуға тиіс.

15.7. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге Директорлар кеңесінің мүшесі қол қоюы тиіс.

Директорлар кеңесі мүшесінің қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз деп есептеледі.

Дауыстарды есептеу кезінде Директорлар кеңесінің мүшесі дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы қойылған мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.

15.8. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі хаттама түрінде ресімделеді, оған Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы және корпоративтік хатшы қол қоюға тиіс.

Қоғамның Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған кезде қабылданды деп танылады.

Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде ол осы шешім қабылданған бюллетеньдердің көшірмелерін қоса бере отырып, Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне жолдануы тиіс.

15.9. Директорлар кеңесінің күндізгі тәртіппен өткізілген отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған отырысқа төрағалық

еткен тұлға және Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысы отырыс өткізілген күннен бастап жеті күн ішінде жасалып, қол қоюы және мыналарды қамтуы тиіс:

1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;

2) отырыс өткізілетін күн, уақыты және орны;

3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;

4) отырыстың күн тәртібі;

5) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

б) қабылданған шешімдер;

7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

15.10. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдері Қоғамда сақталады.

15.11. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттамадан үзінді көшірмелер мен Қоғамның өз қолымен және мөр бедерімен расталған шешімдерді беруге міндетті.

15.12. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Заңда және осы Жарғыда белгіленген тәртіпті бұза отырып, Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

15.13. Жалғыз акционер, егер көрсетілген шешіммен Қоғамның және (немесе) Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған болса, Қоғамның Директорлар кеңесінің заң және осы Жарғы талаптарын бұза отырып қабылданған шешіміне сотта дау айтуға құқылы.

15.14. Қоғамның Директорлар кеңесі қызметінің өзге де мәселелері Директорлар кеңесі туралы ережеде айқындалады.

16-бап. Қоғамның басқармасы

16.1. Ағымдағы қызметке басшылықты Қоғамның басқармасы жүзеге асырады. Басқармаға Басқарма төрағасы басшылық етеді.

Басқарма жұмысын ұйымдастыру, оның мәжілістерін шақыру және өткізу тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін Басқарма туралы ережеде айқындалады.

16.2. Қоғамның басқармасы заңмен және осы Жарғымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Басқарма мүшесі басқа ұйымдарда Директорлар кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істеуге құқылы.

Басқарма төрағасының атқарушы органның басшысы немесе атқарушы органның, басқа заңды тұлғаның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен, осы жарғымен, сондай-ақ аталған тұлғаның қоғаммен жасасатын еңбек шартымен айқындалады.

Басқарма төрағасымен Қоғамның атынан жасалған еңбек шартына Директорлар кеңесінің төрағасы немесе оған Директорлар кеңесі уәкілеттік берген адам қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен еңбек шартына Басқарма төрағасы қол қояды.

Басқарма мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауы тиіс.

16.3. Басқарма Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

17-бап. Басқарманың құзыреті

17.1. Қоғам басқармасының айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) жарғыда Қоғамның өзге органдарының құзыретіне жатқызылған мәмілелерді қоспағанда, құны Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің он пайызынан азын құрайтын мүлікті Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле жасасу немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығы туралы шешімдер қабылдау;

2) Қоғам жұмыскерлерінің штаттық кестесін бекіту;

3) Қоғам жұмыскерлеріне (атқарушы органның, ішкі аудит қызметінің, корпоративтік хатшының мүшелерін қоспағанда) еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттары туралы қағидаларды бекіту;

4) Қоғамның Даму стратегиясын іске асыру;

5) Директорлар кеңесі және Жалғыз акционер бекітетін құжаттарға жатпайтын Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын ішкі нормативтік құжаттарды бекіту;

6) Қоғамның жылдық сатып алу жоспарын бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

7) қызметтік іссапарлар туралы ережені бекіту;

8) Қоғамның уақытша бос ақша қаражатын орналастыру туралы шешім қабылдау;

9) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ішкі құжаттарды әзірлеуді және енгізуді қамтамасыз ету;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар бойынша құжаттарды бекіту;

11) Қоғамның есеп саясатын және салық саясатын бекіту;

12) Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің құзыретіне сәйкес Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің қарауына Басқарма енгізетін мәселелерді алдын ала қарау және мақұлдау, келесі мәселелерді қоспағанда:

1) атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және тәртіптік жауапкершілікке тарту;

2) атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің (атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның) лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын айқындау;

3) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау;

4) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық айлықақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау.

13) Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдау.

18-бап. Басқарма отырыстарын өткізу тәртібі

18.1. Басқарма отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі. Басқарма отырысы Басқарма төрағасының немесе Басқарманың өзге де мүшелерінің бастамасы бойынша шақырылуы мүмкін.

18.2. Басқарма отырысын Басқарма төрағасы өткізеді. Басқарма сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауға құқылы.

18.3. Басқарманың әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын өзге адамға, оның ішінде Басқарманың басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.

18.4. Басқарма шешімдері Басқарма мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде Басқарма төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

19-бап. Басқарма шешімдерін рәсімдеу.

19.1. Басқарманың шешімі хаттамамен рәсімделеді, оған отырысқа қатысып отырған Басқарма мүшелерінің барлығы қол қоюға және әрбір

мәселе бойынша Басқарманың әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, олар бойынша дауыс беру қорытындыларын, дауыс беруге қойылған мәселелерді қамтуға тиіс.

Егер мәміле жасалған сәтте тараптар мұндай шектеулер туралы білетіндігін дәлелдесе, Қоғам өзінің атқарушы органы жасаған мәміленің Қоғам белгілеген шектеулерді бұза отырып жарамдылығына қарсы болуға құқылы.

Егер Басқарма мүшесі Басқарма қабылдаған шешіммен келіспеген жағдайда, ол өзінің ерекше пікірінің осы шешімге енгізілуін талап етуге құқылы. Басқарма мүшесінің ерекше пікірін оның өзі де қоса бере алады, мұндай жағдайда мұндай құжат Басқарманың тиісті шешіміне міндетті қосымша болып табылады.

19.2. Басқарма отырысының хаттамасын Басқарма төрағасы тағайындайтын Басқарма хатшысы немесе Басқарма отырысында тағайындалған хатшының функцияларын орындайтын тұлға жүргізеді.

19.3. Басқарма тұрақты негізде сайлайтын Басқарма хатшысы Басқарма мүшесінің талабы бойынша оған танысу үшін Басқарма хатшысының қолымен расталған Басқарма отырысының хаттамасын ұсынуға міндетті.

20-бап. Басқарма төрағасы

20.1. Қоғам Басқармасының жұмысына тікелей басшылықты Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуына жауапты Басқарма төрағасы жүзеге асырады.

20.2. Басқарма төрағасы өз құзыреті шегінде:

1) Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады.

2) Қоғамның атынан үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста сенімхатсыз әрекет етеді;

3) Қоғамды оның үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында ұсыну құқығына сенімхат береді;

4) Қоғамның барлық жұмыскерлері орындауға міндетті, оның ішінде Жалғыз акционер мен Қоғамның Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын бақылау мәселелері бойынша Қоғамның ағымдағы қызметіне қатысты бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

5) Қоғамның ішкі тәртібін реттейтін құжаттарды бекітеді;

6) Басқарманың құрамына кіретін жұмыскерлерді, Қоғамның ішкі аудит қызметінің жұмыскерлерін, сондай-ақ корпоративтік хатшыны қоспағанда Қоғамға жұмыскерлерді қабылдау, ауыстыру және жұмыстан босатуды (Заңмен бекітілген жағдайларды қоспағанда) жүзеге асырады, оларға ынталандыру шараларын және тәртіптік жаза қолданады, Қоғам жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақысын және Қоғамның штат кестесіне

сәйкес айлықақысына дербес үстемақы мөлшерін белгілейді, Қоғам жұмыскерлерінің сыйақы мөлшерін белгілейді;

7) өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

8) Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттілік пен жауапкершілік салаларын бөледі;

9) Қоғам жұмыскерлерімен, оның ішінде белгіленген тәртіпте Басқарма мүшелерімен, ішкі аудит қызметінің жұмыскерлерімен, корпоративтік хатшымен Қоғамның атынан еңбек шарттарын жасасады және бұзады;

10) Қоғам жұмыскерлерін кәсіптік даярлау және қайта даярлау туралы мәселелерді шешеді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда Қоғамның өзге органдарының құзыретіне жатқызылған мәмілелерді қоспағанда, мүліктік емес сипаттағы мәмілелерді және өзге де мәмілелерді жасайды;

12) Жалғыз акционерге және Директорлар кеңесіне Қоғамның қызметі туралы ақпаратты талап ету бойынша ұсынады;

13) корпоративтік дауларды реттеудің барлық мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

14) Қоғамның банктік және басқа шоттарын ашады;

15) Директорлар кеңесінің, Жалғыз акционердің шешімдерінің, жылдық қаржылық есептілік аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның ұсынымдарының, сондай-ақ Қоғамның ішкі аудит қызметінің ұсынымдарының орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

16) Басқарманың жұмысын, Басқарма отырыстарын шақыруды және оның қарауына қажетті материалдарды ұсынуды ұйымдастырады;

17) Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне, сондай-ақ Қоғам Басқармасының құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметінің барлық басқа мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

21-бап. Ішкі аудит қызметі

21.1. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру, ішкі бақылаудың жай-күйін бағалау, корпоративтік басқару және кеңес беру саласындағы құжаттардың орындалуы үшін Қоғамда қызметті жетілдіру мақсатында ішкі аудит қызметі құрылады.

21.2. Ішкі аудит қызметі Қоғамның Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және өз жұмысы туралы есеп береді, Қоғамның басшылығы мен құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына еркін және тәуелсіз қол жеткізе алады.

21.3. Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары, оның құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ оның жұмыс тәртібі Қоғамның

Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі аудит қызметі туралы ережеде айқындалады.

21.4. Ішкі аудит қызметінің басшысын лауазымға Қоғамның директорлар кеңесі тағайындайды.

21.5. Қоғам мен ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы жарғымен реттеледі.

22-бап. Қоғамның корпоративтік хатшысы

22.1. Қоғамның корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесінің немесе Қоғамның Басқарма мүшесі болып табылмайтын Қоғамның жұмыскері болып табылады.

22.2. Корпоративтік хатшы Қоғамның органдары мен лауазымды адамдарының Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қоғамның Қазақстан Республикасының корпоративтік басқару саласындағы заңнамасының ережелері мен нормаларын, Жарғы ережелерін және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарын ұстануына бағытталған рәсімдерді сақтауын қамтамасыз етеді; Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау мен өткізуді бақылауды жүзеге асырады; Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына материалдарды қалыптастыруды, оларға қол жеткізуді қамтамасыз етуді бақылауды қамтамасыз етеді; Директорлар кеңесі мүшелерінің нақты және анық ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етеді; Қоғам органдары арасында тиімді ақпарат алмасуға ықпал етеді; Директорлар кеңесі мен Қоғам Басқармасының мүшелері үшін барлық мәселелер бойынша кеңесші функцияларын орындайды; Қоғамның үлестес тұлғалары туралы ақпаратты жинауды, мониторингтеуді жүзеге асырады және оны уәкілетті органдарға жібереді.

22.3. Қоғамның корпоративтік хатшысын Қоғамның Директорлар кеңесі тағайындайды және қызметтен босатады және ол Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді.

22.4. Қоғамның корпоративтік хатшысының мәртебесі, функциялары мен міндеттері Қоғамның ішкі құжаттарымен айқындалады.

23-бап. Қоғамның лауазымды тұлғалары қызметінің қағидаттары

23.1. Қоғамның лауазымдық тұлғалары:

1) оларға жүктелген міндеттерді адал орындайды және Қоғамның және Жалғыз акционердің мүдделерін барынша көрсететін тәсілдерді пайдаланады;

2) Қоғамның мүлкін пайдаланбауға немесе оны Қоғамның жарғысына және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдалануға жол бермеуге, сондай-ақ өзінің үлестес тұлғаларымен мәмілелер жасау кезінде жеке мақсатта және теріс пайдаланбауға тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпараттың ашылуын және ұсынылуын бақылайды;

5) егер Қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, Қоғам қызметі туралы, оның ішінде Қоғамдағы жұмыс тоқтатылған сәттен бастап үш жыл ішінде ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндетті.

23.2. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Қоғамның жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес ақпараттандыру, ашықтық негізінде, Қоғамның және Жалғыз акционердің мүддесі үшін әрекет етуге;

2) корпоративтік мәселелер бойынша объективті тәуелсіз үкім шығаруға тиіс.

24-бап. Қоғамның лауазымды адамдарының жауапкершілігі

24.1. Қоғамның лауазымды адамдары өздерінің іс-әрекеттерінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген зиян үшін және Қоғамға келтірілген залалдар үшін:

1) қателесуге әкеп соқтыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;

2) осы Заңда белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу;

3) олардың жосықсыз іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олардың үлестес тұлғаларының Қоғаммен осындай мәмілелер жасасу нәтижесінде пайда (табыс) табу мақсатында, Қоғамға зиян келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасуды ұсыну және (немесе) жасасу туралы шешім қабылдау нәтижесінде келтірілген залалдарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей Қоғам мен Жалғыз акционер алдында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

24.2. Осы Заңда және (немесе) Қоғамның жарғысында көзделген жағдайларда, Жалғыз акционердің ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасу туралы шешімдер қабылдауы, егер оларды орындау нәтижесінде Қоғамға залал келтірілсе, оларды жасасуды ұсынған лауазымды адамды немесе өзі мүше болып табылатын Қоғам органының отырысында, оның ішінде олар не олардың үлестес тұлғалары пайда (табыс) табу мақсатында жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген лауазымды адамды жауаптылықтан босатпайды.

24.3. Қоғам өз атынан Жалғыз акционердің шешімінің негізінде:

- егер мәміле жасасу туралы шешім қабылдау кезінде мұндай мүліктің құны оның «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бағалаушы айқындаған

нарықтық құнына анық мөлшерлес емес екені дәлелденетін болса, жасалуына мүдделілік болған және нәтижесінде Қоғам құны өзінің активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алған немесе иеліктен шығарған, лауазымды адамның және (немесе) оның үлестес тұлғаларының пайда (кіріс) алуына алып келген мәмілені Қоғамның жасасуы нәтижесінде Қоғамда туындаған зиян үшін лауазымды адамды жауаптылыққа тарту туралы талап қойып сотқа жүгінуге;

- лауазымды адамға оның Қоғамға келтірген зиянды не залалдарды Қоғамға өтеуі туралы, сондай-ақ, егер лауазымды адам жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген болса, Қоғамға залал келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешімдер (жасасуға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) лауазымды адамның және (немесе) оның үлестес тұлғаларының Қоғамға қайтаруы туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;

- Қоғамның лауазымды адамына және (немесе) үшінші тұлғаға, егер осындай мәмілені жасасу және (немесе) жүзеге асыру кезінде Қоғамның осы лауазымды адамды осындай үшінші тұлғамен келісім негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғамның жарғысы мен ішкі құжаттарының талаптарын немесе оның еңбек шартын бұза отырып әрекет етсе, Қоғамның осы үшінші тұлғамен жасаған мәмілесі нәтижесінде Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда аталған үшінші тұлға және Қоғамның лауазымды адамы Қоғамға осындай залалдарды өтеу кезінде ынтымақты борышкерлер ретінде әрекет етеді.

24.4. Жалғыз акционер сот органдарына өтініш жасағанға дейін қоғамның лауазымды адамдарының келтірген залалдарды Қоғамға өтеуі және ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешімдер (жасасуға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының Қоғамға қайтаруы туралы мәселені Директорлар кеңесінің отырысына шығару туралы талаппен Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасына жүгінуге тиіс.

Директорлар кеңесінің төрағасы осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде Директорлар кеңесінің көзбе-көз отырысын шақыруға міндетті.

24.5. Жалғыз акционердің өтініші бойынша Директорлар кеңесінің шешімі отырыс өткізілген күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде оның (олардың) назарына жеткізіледі. Директорлар кеңесінің көрсетілген шешімін алғаннан кейін не оны осы тармақта белгіленген мерзімде алмаса, жалғыз акционер өз атынан аталған мәселе бойынша Директорлар кеңесінің

төрағасына акционердің өтініш жасағанын растайтын құжаттар болған кезде Қоғам мүдделерін қорғау үшін талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

24.6. Мәміленің жасалуына мүдделі және орындау нәтижесінде Қоғамға залалдар келтірілген мәміле жасасуды ұсынған лауазымды адамды қоспағанда, Қоғамның лауазымды адамдары, егер қоғамның органы қабылдаған, Қоғамға не Жалғыз акционерге залалдар келтіруге әкеп соқтырған шешімге қарсы дауыс берсе немесе дәлелді себептермен дауыс беруге қатыспаса, жауаптылықтан босатылады.

Егер лауазымды адамның Қоғамның лауазымды адамдары қызметінің осы Заңда белгіленген қағидаттарын сақтай отырып, шешім қабылдау кезінде өзекті (тиісті) ақпарат негізінде тиісінше әрекет еткені және мұндай шешім Қоғам мүдделеріне қызмет етеді деп негізді түрде есептегені дәлелденген болса, ол коммерциялық (кәсіпкерлік) шешімнің нәтижесінде туындаған залалдарды өтеуден босатылады.

24.7. Меншікке қарсы, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдар қызметінің мүдделеріне қарсы қылмыстарды жасағаны үшін сот кінәлі деп таныған, сондай-ақ көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған Қоғамның лауазымды адамдары заңда белгіленген тәртіппен сотталғандығы жойылған немесе алынған не қылмыстық жауаптылықтан босатылған күннен бастап бес жыл бойы Қоғамның лауазымды адамдары, сондай-ақ Жалғыз акционердің өкілі міндеттерін орындай алмайды.

24.8. Егер Қоғамның қаржылық есептілігі Қоғамның қаржылық жағдайын бұрмаласа, Қоғамның осы қаржылық есептілігіне қол қойған Қоғамның лауазымды адамдары осының нәтижесінде материалдық зиян келтірілген үшінші тұлғалар алдында жауаптылықта болады.

25-бап. Қоғамның қаржыландыруы және кірісі

25.1. Қоғамның таза кірісі Қоғамның иелігінде қалады және Жалғыз акционердің шешімімен айқындалған тәртіпте, оның ішінде дивидендтер төлеуге бөлінеді.

Жалғыз акционер жыл қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеудің орынсыздығы туралы шешім қабылдауға құқылы.

25.2. Дивидендтер Қоғамның өзі орналастырмаған немесе сатып алмаған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Жалғыз акционер оны тарату туралы шешім қабылдаса, есептелмейді және төленбейді.

26-бап. Дивидендтер төлеу бойынша шектеулер

26.1. Қоғамның жай акциялары бойынша: Не допускается начисление дивидендов по простым акциям Общества:

1) өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер Қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келсе не аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтерді есепке жазуға жол берілмейді.

26.2. Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда Жалғыз акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төленеді.

5-ТАРАУ. ЕСЕПКЕ АЛУ, ЕСЕПТІЛІК ЖӘНЕ АУДИТ

27-бап. Қоғамның қаржылық есептілігі

27.1. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу мен қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасымен және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарымен белгіленеді.

28-бап. Жылдық қаржылық есептілік

28.1. Басқарма жыл сайын Жалғыз акционерге талқылау және бекіту үшін аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет жөніндегі заңдарына сәйкес жасалған өткен жылғы жылдық қаржылық есептілікті табыс етеді. Басқарма қаржылық есептіліктен басқа Жалғыз акционерге аудиторлық есепті табыс етеді.

28.2. Жылдық қаржылық есептілікті Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің бекіту күніне дейін отыз күннен кешіктірмей алдын ала бекітуге тиіс.

Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекітуді Жалғыз акционер жүргізеді.

28.3. Қоғам шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болмаған жағдайда шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жыл сайын жариялауға міндетті.

28.4. Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле туралы ақпарат қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке түсіндірме жазбада жария етіледі, сондай-ақ Заңға сәйкес Жалғыз акционер мен инвесторлардың назарына жеткізіледі. Нәтижесінде Қоғам активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле

туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтер қамтылуға тиіс.

29-бап. Қоғамның аудиті

29.1. Қоғам жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізуге міндетті.

29.2. Қоғамға аудит директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасы бойынша Қоғам есебінен не жалғыз акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізіледі, бұл ретте Жалғыз акционер аудиторлық ұйымды дербес анықтауға құқылы.

29.3. Жалғыз акционердің талап етуі бойынша аудит жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

29.4. Егер Қоғамның басқармасы Қоғамға аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

30-бап. Қоғамның ақпаратты жария етуі

30.1. Қоғам «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және уәкілетті органың нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында жария етуге міндетті.

30.2. Егер Заңда және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде ақпаратты жариялау (Жалғыз акционердің назарына жеткізу) мерзімдері көзделмеген жағдайда, бұл ақпарат пайда болған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жарияланады (Жалғыз акционердің назарына жеткізіледі).

30.3. Қоғам Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілікті, корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін және аудиторлық есептерді, сондай-ақ уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Басқарма мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты депозитарийдің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етеді.

30.4. Корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғау туралы ақпарат Қоғамның корпоративтік дау бойынша азаматтық іс бойынша тиісті сот хабарламасын (шақыруын) алған күнінен бастап жеті жұмыс күні ішінде Жалғыз акционерге берілуге тиіс.

30.5. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпараты бар Қоғам жұмыскерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуді қамтамасыз етеді.

31-бап. Қоғамның құжаттары

31.1. Қоғам өз қызметіне қатысты Қоғам құжаттарын өз қызметінің бүкіл мерзімі бойы Қоғамның басқармасы орналасқан жерде сақтауға тиіс.

31.2. Мына құжаттар:

1) Қоғамның жарғысы, Қоғам жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

2) Жалғыз акционердің шешімдері, Жалғыз акционердің шешімдеріне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

3) Қоғамның белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуына және (немесе) белгілі бір әрекеттер (операциялар) жасауына рұқсаттар;

4) Қоғамның өз балансында тұратын (тұрған) мүлікке құқығын растайтын құжаттар;

5) Қоғамның бағалы қағаздарын шығару проспектілері;

6) Қоғамның бағалы қағаздар шығаруын мемлекеттік тіркеуді, бағалы қағаздардың күшін жоюды растайтын құжаттар, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру мен өтеу қорытындылары туралы уәкілетті органға табыс еткен есептерін бекіту;

7) қоғамның филиалдары мен өкілдіктері туралы ереже;

8) оған қоса берілетін материалдары бар Жалғыз акционердің шешімдері;

9) Директорлар кеңесі отырыстарының (сырттай өткізілген отырыстар шешімдерінің) хаттамалары мен бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер), Директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелері бойынша материалдар;

10) Басқарма отырыстарының (шешімдерінің) хаттамалары;

11) корпоративтік басқару кодексі сақталуға тиіс.

31.3. Өзге құжаттар, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

31.4. Жалғыз акционердің талабы бойынша Қоғам оған осы Заңда көзделген құжаттардың көшірмесін осы Жарғыда айқындалған тәртіппен, бірақ Қоғамға осындай талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей беруге міндетті, бұл ретте қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты беруге шектеулер енгізуге жол беріледі.

31.5. Құжаттардың көшірмелерін беру үшін төленетін ақы мөлшерін Қоғам белгілейді және ол құжаттардың көшірмелерін дайындауға жұмсалған

шығыстар құны мен құжаттарды Жалғыз акционерге жеткізіп беруге байланысты шығыстарды төлеу ақысынан аспауы керек.

31.6. Қоғамның қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпарат қамтылған бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысқа шығару және айырбастаудың жекелеген мәселелерін регламенттейтін құжаттар оның талабы бойынша танысу үшін Жалғыз акционерге берілуге тиіс.

6-ТАРАУ. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР МЕН ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРЫНЫҢ ӨЗДЕРІНІҢ ҮЛЕСТЕС ТҮЛҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ ТӘРТІБІ

32-бап. Қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді ашу

32.1. Қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.

32.2. Қоғам үлестес тұлғаларының есебін осы тұлғалар беретін мәліметтер негізінде жүргізуге міндетті.

32.3. Қоғамның үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар үлестестік туындаған күннен бастап жеті күн ішінде өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметті қоғамға табыс етуге міндетті.

32.4. Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының тізімін өздері белгілеген тәртіппен Жалғыз акционерге немесе лауазымды адамдарға ұсынады.

7-ТАРАУ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

33-бап. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату

33.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

33.2. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

34-бап. Рәсімдік мәселелер

34.1. Осы Жарғымен реттелмеген ережелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның тиісті ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі.

34.2. Осы Жарғының ережелері заңнама нормаларына қайшы келген жағдайда, Жарғының мұндай ережелері қолданылмайды.

34.3. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

35. ҚАТЫСУШЫНЫҢ ҚОЛЫ ЖӘНЕ МӨРІ

Жалғыз акционер:

Узаев Марсель Алмазұлы
(Лауазымы, ТАӘ)



АРҒЫ ЖАҒЫНА ҚАРАҢЫЗ
СМОТРИТЕ НА ОСБОРОТЕ



ES0800267700760169012P5830320

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия

Город Астана, Республика Казахстан
Третье апреля две тысячи двадцать третьего года

Я, Абдильдинова Гульнара Тлешовна, нотариус г. Астана, гос. лицензия № 0002026 выдана Министерством Юстиции РК от 09 декабря 2004г. Свидетельствую подлинность подписи Руководителя Государственного учреждения «Управление топливно-энергетического комплекса и коммунального хозяйства города Астаны» Узакова Марсель Алмазұлы, которая сделана в моем присутствии. Личность, подписавшего документ установлена, дееспособность, полномочия представителя, правоспособность юридического лица проверены.

Зарегистрировано в реестре за №: 379
Взыскано: опл.
Нотариус:



0202026
«АСТАНА» ЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНДА
ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ҚҰҚЫҚТАР
ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ

НӨМІРЛЕНГЕН, ТІГІЛГЕН ЖӘНЕ БЕКІТІЛГЕН
Барлығы 58 (ешу сиз) парақ
2023 ж. «07» 04

0202026
Нотариус: Абдильдинова Г.Т.
на 58 листочках
всего 58

Прошито и пронумеровано



БЕКІТІЛДІ

**«Астана-Аймақтық
Электржелілік Компаниясы» АҚ
жалғыз акционерінің шешімі**

№ 2024/12

« 24 » 07 2024 жыл

**«Астана-Аймақтық Электржелілік Компаниясы» АҚ
Жарғысына өзгерістер**

«Астана-Аймақтық Электржелілік Компаниясы» АҚ Жарғысына жалғыз акционердің 2023 жылғы 28 наурыздағы №06-12/41-2 шешімімен бекітілген келесі өзгерістер енгізілсін:

1. 4-баптың 4.1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

4.1. Қоғам келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- негізгі қызмет түрі – электр энергиясын тарату (ЭҚЖЖ 35130);
- қызметтің екінші түрі – электр энергиясын беру (ЭҚЖЖ 35121).

Жалғыз акционер:

«Астана қаласының Энергетика басқармасы» ММ

басшы м.а. Қынатов А.М.

лауазымы



ҚОЛЫ

Город Астана, Республика Казахстан
Двадцать пятое июля две тысячи двадцать четвертого года

Я, Абдильдинова Гульнара Тлешовна, нотариус г. Астана, гос. лицензия № 0002026 выдана Министерством Юстиции РК от 09 декабря 2004г. Свидетельствую подлинность подписи и.о. Руководителя Государственного учреждения «Управление энергетики города Астаны» - **КЫНАТОВА АДИЛЯ МАРАТОВИЧА**, которая сделана в моем присутствии. Личность, подписавшего документ установлена, дееспособность, полномочия представителя, правоспособность юридического лица проверены.

Зарегистрировано в реестре за №: *1495*
Взыскано: *опл.*
Нотариус: _____



[Handwritten signature]

25 июля 2024
Нотариус: Абдильдинова ГТ

на *[Handwritten signature]* листах

прошито и пронумеровано



ES0900267360958300086E1760006

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия

БЕКІТІЛДІ
«Астана-Аймақтық
Электржелілік Компаниясы» АҚ
жалғыз акционерінің шешімі
№ 202571
« 19 » 09 2025 жыл

«Астана-Аймақтық Электржелілік Компаниясы» АҚ
Жарғысына өзгерістер

«Астана-Аймақтық Электржелілік Компаниясы» АҚ Жарғысына жалғыз акционердің 2023 жылғы 28 наурыздағы №06-12/41-2 шешімімен бекітілген келесі өзгерістер енгізілсін:

1. 4-баптың 4.1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

4.1. Қоғам келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- негізгі қызмет түрі – электр энергиясын сату (ЭҚЖЖ 35140);
- қызметтің екінші түрі – электр энергиясын беру (ЭҚЖЖ 35121), электр энергиясын тарату (ЭҚЖЖ 35130).

Жалғыз акционер,
«Астана қаласының
энергетика басқармасы» ММ
Басшысы




Н. Көпешов

Город Астана, Республика Казахстан
Двадцать шестое сентября две тысячи двадцать пятого года

Я, Абдильдинова Гульнара Тлешовна, нотариус г. Астана, гос. лицензия № 0002026 выдана Министерством Юстиции РК от 09 декабря 2004г. Свидетельствую подлинность подписи Руководителя ГУ «Управление энергетики города Астаны» - гр. КУПЕШОВА НУРЛАНА МАРАТОВИЧА, которая сделана в моем присутствии. Личность, подписавшего документ установлена, дееспособность, полномочия представителя, правоспособность юридического лица проверены.

Зарегистрировано в реестре за №: 1215

Взыскано: опл.

Нотариус: 



26 СЕН 2025

Нотариус: Абдильдинова ГТ

на  листах

Прошито и пронумеровано



ES0900267670937111056K811042D

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия

БЕКІТІЛДІ

**«Астана-Аймақтық
Электржелілік Компаниясы» АҚ
жалғыз акционерінің шешімі**

№ 2025/2

« 19 » 09 2025 жыл

**«Астана-Аймақтық Электржелілік Компаниясы» АҚ
Жарғысына өзгерістер**

«Астана-Аймақтық Электржелілік Компаниясы» АҚ жалғыз акционердің 2023 жылғы 28 наурыздағы №06-12/41-2 шешімімен бекітілген Жарғысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1. «Астана-АЭК» АҚ Жарғысының 10-бабының 10.2-тармағы мынадай мазмұндағы 29, 30, 31-тармақшалармен толықтырылсын:

29) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысын тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, сондай-ақ оның сыйақы мөлшерін және еңбекақы төлеу шарттарын айқындау;

30) омбудсмен лауазымын атқаратын адамды тағайындау, қайта сайлау, оның өкілеттігін ұзарту немесе тоқтату, сондай-ақ оның еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін қарау;

31) омбудсменнің жылдық жұмыс жоспары мен НТК-ні бекіту, оның қызметінің нәтижелерін кемінде тоқсан сайын бір рет бағалау.

2. «Астана-АЭК» АҚ Жарғысының 17-баптың 17.1-тармағының 3-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

3) Қоғам қызметкерлеріне (атқарушы органның, Ішкі аудит қызметінің мүшелерін, Корпоративтік хатшыны, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысын, омбудсменді қоспағанда) еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттары туралы қағидаларды бекіту.

3. «Астана-АЭК» АҚ Жарғысының 17-бабының 17.1-тармағының 12-тармақшасы мынадай мазмұндағы 5,6-бөлімдерімен толықтырылсын:

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысын тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, сондай-ақ оның сыйақы мөлшерін және еңбекақы төлеу шарттарын айқындау;

6) омбудсмен лауазымын атқаратын адамды тағайындау, қайта сайлау, оның өкілеттігін ұзарту немесе тоқтату, сондай-ақ оның еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін қарау.


**Жалғыз акционер,
«Астана қаласының
энергетика басқармасы» ММ
Басшысы**



Н. Көпешов

Город Астана, Республика Казахстан
Двадцать шестое сентября две тысячи двадцать пятого года

Я, Абдильдинова Гульнара Тлешовна, нотариус г. Астана, гос. лицензия № 0002026 выдана Министерством Юстиции РК от 09 декабря 2004г. Свидетельствую подлинность подписи Руководителя ГУ «Управление энергетики города Астаны» - гр. КУПЕШОВА НУРЛАНА МАРАТОВИЧА, которая сделана в моем присутствии. Личность, подписавшего документ установлена, дееспособность, полномочия представителя, правоспособность юридического лица проверены.

Зарегистрировано в реестре за №: 1248
Взыскано: опл.
Нотариус: 



26 СЕН 2025

Нотариус: Абдильдинова Г.Т.

на  листах

Прошито и пронумеровано



БЕКІТІЛДІ

**«Астана-Аймақтық
Электржелілік Компаниясы» АҚ
жалғыз акционерінің шешімі**

№ 2025/3

«25» 12 2025 ЖЫЛ

**«Астана-Аймақтық Электржелілік Компаниясы» АҚ
Жарғысына өзгерістер**

«Астана-Аймақтық Электржелілік Компаниясы» АҚ Жарғысына жалғыз акционердің 2023 жылғы 28 наурыздағы №06-12/41-2 шешімімен бекітілген келесі өзгерістер енгізілсін:

1. 3-баптың 3.2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3.2. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, 010005, Астана қаласы, Нұра ауданы, Комсомольский т.а., Домалақ ана көшесі, 9-ғимарат, БСН 021240001744».

2. 4-баптың 4.1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4.1. Қоғам келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- негізгі қызмет түрі – электр энергиясын сату (ЭҚЖЖ 35140);

- қызметтің екінші түрлері – электр энергиясын беру (ЭҚЖЖ 35121), электр энергиясын тарату (ЭҚЖЖ 35130), кара және түсті металл сынықтары мен қалдықтарының көтерме саудасы (ЭҚЖЖ 46771).

**Жалғыз акционер,
«Астана қаласының
Энергетика басқармасы» ММ
басшысы**



Ә. Қынатов

Город Астана, Республика Казахстан
Двадцать шестое сентября две тысячи двадцать пятого года

Я, Абдильдинова Гульнара Тлешовна, нотариус г. Астана, гос. лицензия № 0002026 выдана Министерством Юстиции РК от 09 декабря 2004г. Свидетельствую подлинность подписи Руководителя ГУ «Управление энергетики города Астаны» - гр. КЫНАТОВА АДИЛЯ МАРАТОВИЧА, которая сделана в моем присутствии. Личность, подписавшего документ установлена, дееспособность, полномочия представителя, правоспособность юридического лица проверены.

Зарегистрировано в реестре за №:

Взыскано: опл.

Нотариус:

1976



Прошито и пронумеровано
на 2 листах
Нотариус: Абдильдинова Г.Т.



ES0900267770579129848C113027D

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия

БЕКІТІЛДІ

**«Астана-Аймақтық
Электржелілік Компаниясы» АҚ
жалғыз акционерінің шешімі**
№ 2025/4.

« 24 » 02 2026 жыл

**«Астана-Аймақтық Электржелілік Компаниясы» АҚ
Жарғысына өзгерістер**

«Астана-Аймақтық Электржелілік Компаниясы» АҚ Жарғысына жалғыз акционердің 2023 жылғы 28 наурыздағы №06-12/41-2 шешімімен бекітілген келесі өзгерістер енгізілсін:

1. 10-баптың 10.2-тармағының 28-тармақшасы өзгертілсін және мынадай редакцияда жазылсын:

«28) қоғамның жылдық бюджетін бекіту, кірістер мен шығыстар бюджетін қоса алғанда, жылдық бюджетін бекіту, сондай-ақ бюджеттің атқарылуы туралы есепті бекіту».

2. 17-баптың 17.1-тармағының 6-тармақшасы алынып тасталсын.

**Жалғыз акционер,
«Астана қаласының
Энергетика басқармасы» ММ
басшысы**


Ә. Қынатов




Город Астана, Республика Казахстан
Второе марта две тысячи двадцать шестого года

Я, Абдильдинова Гульнара Тлешовна, нотариус г. Астана, гослицензия № 0002026 выдана Министерством Юстиции РК от 09 декабря 2004г. Свидетельствую подлинность подписи Руководителя ГУ «Управление энергетики города Астаны» - гр. КЫНАТОВА АДИЛЯ МАРАТОВИЧА, которая сделана в моем присутствии. Личность, подписавшего документ установлена, дееспособность, полномочия представителя, правоспособность юридического лица проверены.



Зарегистрировано в реестре за №: 290
Взыскано: опл.
Нотариус: 

02 MAR 2026
Прошито и пронумеровано
на  листах
Нотариус: Абдильдинова Г.Т.

